



АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

РУХАНИ ИММУНИТЕТ

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,
«Ақиқат» журналының
Бас редакторы

Неге кезінде үш миллион литвалық музыкатанушы Ландсбергистің сөзіне сеніп, неге Грузия халқы филолог Гамсахурдидің соңынан ерді? Неге азғана шешен жұрты Дудаевтың бастауымен өре көтеріліп, күні қазірге дейін өлім мен өмір арасында тұрса да дегенінен қайтпай отыр? Неге Беларусь елінің бүкілге дерлігі Ресейге қайта қосылудан бас тартып, Президенті, айта берді Үкіметімен текетіресе алаңға шықты?

Немене, бұлардың ел-жұртын, мекенжайын сол әлеуметтік-экономикалық дағдарыс айналып өтіп, аяқ-қолдарын жылы суға малып отыр ма? Әйтпесе, оларды мынау жерден шыққандай болған заман қыспағының лебі шарпымады ма? Әлде, оларды әлемді құрсаулап, либерализм мен демократия терісін жамылған белгілі бір «аз ұлт» өкілдерінің идеясы мен идеологиясы шалғайына орап, ұлттық сана-сезімдеріне ықпал етпей жатыр ма?

Қалай болғанда да, қазіргі қазақ жағдайында мұның бәрі сұрақ. Осы тұста, ел аралап, жер көре жүріп жұртпен тілдескендегі ұққаным, жоғарыдағы келтірілген дағдарыстардан да қауіптісі **ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ ДАҒДАРЫСЫ** екен. Әлеуметтік-экономикалық дағдарысты көріп-біліп, бастан кешіп жатырмыз. Ал, ұлттық сана-сезім дағдарысы болса қазақты біртіндеп меңдеп, оның НАМЫС атты ең құдіретті қасиетін аяққа таптатып, ұлттық немқұрайлыққа бой алдыруына ықпал етіп жатыр. Алып Алматыдан бастап, Қазақстанның қай түкпіріндегі үлкенді-кішілі қаладағы қазақ, не істесең оны істе, қандай, қанша идея, идеология, дінің болмасын сіңіре бер, тек аштан өлтірмесең болғаны деген принципті малдана бастаған сынайлы. Ауыл болса «өлімші» күйде, оның оқыған зиялылары орталықтан шығатын ақпарат құралдарындағы бірін-бірі жоққа шығарған қайшы пікірлерден туған хаостан бағыт-бағдарларынан жаңылған жолаушыдай күй кешкен. Болмаған жағдайда, бұның бәрін көріп-біліп отырған, сәтін тауып оны қалың елі қазағына жеткізіп жүрген патриот-«реакционер» Шерхан Мұртаза ұлттық мәселелер қозғаса, Қалтай Мұхамеджан дін тазалығы жолға қойылып, дін басындағылар Иманды болсын, мемлекет пен дін арасында бұрын жік болмаған, ұлт тәрбиелеуде олардың тұтастығы қажет, оған Иман негіз болуы керек десе, Сәбетқазы Ақатай ұлт басына төнген қатердің алдын алу жайлы дабыл қақса, Сапабек Әсіп қазақ жерінің сатылмай, оның ең құнарлы мекендеріне қазақтарды қайта қоныстандыруға тиіспіз деп шырылдаса, солар секілді үлкенді-кішілі ұлт жанашырлары ұлттық сөз бен ұлттық іс-әрекетке барса, неге жабыла қолдамаймыз? «казахская правда» газетін жалғыз-жарым шығарып, «мыңмен жалғыз алысқан» Алдан Айымбетовті «басмаш» деп басынушыларға неге жол бердік? Оны айтасыз, тіпті, өзінің қазақ екенін өзінің Ана тілінде айтуға да ұялатындар бар. Олар ұлт тағдыры туралы айтып, жаза бастасаң-ақ, оның бізге қатысы жоқ деп шыр-пыр болады.

Ондайлар намыстанатын жерде намыстанбай, намыстанбайтын жерде намыстанады. Ал, республикамыздағы бірде-бір партия (Алаштан басқа) жергілікті кіндік ұлттың мұң-мұқтажын, ділі мен тілінің азып-тозып бара жатқанын, оның салт-дәстүр, әдет-ғұрпына ши жүгіртер бейұлт телерадио, газет-журналдардың, шетел басылымдарының елімізде қаптап кеткені туралы жақ ашпайды.

Иә, қазір қоғам, әсіресе, еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, идеологиялық хал-ахуал дағдарысы ешкімді де бейтарап қалдырмауы тиіс. Бірақ, ол бір бағытта, жалпыха-

лықтық қана деңгейде сөз болып қалмай, сол халық өмір сүріп, сол халықтың мекенжайы, сол халыққа атын беріп, мемлекет атандырып отырған жер, ұлттың мақсат-мүддесі, жай-күйі алдымен тілге тиек етілуі керек. Әрбір қолында билігі бар қазақ өзінің құлқынын ойлағаннан гөрі, алдымен соны ойласа етті. Елмен тойып, елмен аш болғанға не жетсін, шіркін-ай! Бұл да арман, білгенге.

«Қазақ әдебиеті» газеті жазғандай, «қазақы ділдің Алтын ордасынан көшіп кеткен» Олжас та, Әкежан да, Нұрболат масанов та, З.Кәкімжанов та, М.Әбіләзов та, О.Жандосов та, Нора Бекмаханова да, «Хабар» телеагенттігіндегі Абдуллов та, кезіндегі «Караван», қазіргі «Время» газетіндегі Қазақстанға «азиопия» деп ат қойып, «данышпандық» танытып жүрген Сапа мекебаев та, солар секілді Ана тілінен, ұлтының салт-дәстүр, әдет-ғұрпынан жерінгендермен қоса «Миллиондаған адамдар... Өзгенің ойымен ойлап, өзгенің сөзі мен үлгісіне малданады да, дайын асқа тік қасық болады. Олар өздерімен келіспей, ой малайларын жек көрушілер мен өзінің әрі өз халқына сенгендерді жүре тыңдайды» (Ф.М. Достоевский) деген принципте ғұмыр кешіп, өмір сүріп жатыр. Мұның бәрі сол ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ дағдарысының жемісі, бүкіләлемдік коммунизм мен космополитизм идеалдары және принциптерімен көзқарас қалыптастырып, өздерінің дүниетанымдарын «кеңейтулерінің» көрінісі. Бұлар ұлт мәселесіне келгенде әлеуметтік космополитизм мен сепаратизмге бой алдырғандардан да қауіпті. Алдыңғылар ұлтқа қазақ атын жамылып қысастық жасаса, соңғылар оны ашық жасайды.

Міне, айырмашылық қайда. Сондықтан да, ұлт соңғылардан емес, алдыңғылардан қорқуы тиіс. Тағы бір ең қатерлі жау – немқұрайлылық. Ол біздің өзін оқыған санайтын ақын, жазушы, өнер, техника, экономика, заң қызметкерлері адамдарының бойында жатыр. Олар өздерінің біліп-сезінгендерін қара орман халқына айтып, жеткізбейді. Бір әріптесім «классик» санаған жазушы басқарған ПЕН-клуб ұлттық Сөз айтып, ұлттық іс-әрекет көрсетудің орнына қарақан бастың қамы үшін соттасып жатса не жорық. Сол «классик» соңғы жылдары ұлт мұңын мұңдар бір мақала жазды ма екен, өзі? Сондай мысалдың бірі – «мен ақынмын, не жазушымын, өзіме тиесілі нәрсені жазуым керек» деген ұғым деңгейінде ғана қалып қою. Ал, басқа іргелі елдің бірде-бір зиялысы ұлт мәселесіне келгенде өзін шектемейді. Бұл да сабақ, түсінгенге.

Ал, қазақ сән-салтанатын, мәдениеті мен өнерін, жалпыұлттық болмыс-бітімімізді Интернетке шығарсақ, ол да ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ қалыптастыруда, оны өзге ұлттар мен ұлыстарға таныстыруда игі де үлкен іс болған болар еді. Мұны мемлекеттік деңгейге көтерсек нұр үстіне нұр.

Жалпы, сол ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ қалыптастыратын басты құрал барлық телерадиоарналарды ұлттандырмай ұлттық Сөзді де, ұлттық ІС-ӘРЕКЕТТІ де жөнге қоя алмаймыз. Бұл да әзірше арман!

Сіз бұған сенбесеңіз, үйіңіздегі теледидарыңызды кешкілік қалың қазақстандық көруге отырған кезде қосыңызшы, Ұлттық банк, Ұлттық әуе жолында сапарға шығып, Ұлттық атанған мекемелерге барып көріңізші, олар сол ұлттық атын ақтайды ма екен? Бұл – қазақ үшін осы ғана жетеді деген принцип. Осы тұста айтпай кетпеуге болмайтын бір жай, қазіргі «жаңа қазақ», өзін реформаторлар санайтын белгілі бір топтың психологиясы кезіндегі революционерлердің психологиясы секілді. Артық-кемі жоқ. Екеуінің де мақсаты бас-көз жоқ барды күйретіп, орнына өздерінің бейұлттық, одан да берісі бейхалықтық батысқа тән іс-әрекетті, сөзді қоғамға сіңіру.

Бүгінгі ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ дағдарысы да соның көрінісі. Мұндай жағдайда кім өзін ыңғайсыз сезінуі керек. Әрине, қазақ. Бұған тосқауыл болатын бірден-бір күш Рухани иммунитет, ру мен жүзге, жік пен топқа бөлінбейтін ұлттық тұтастық.

Рас, «Біз құл емеспіз, құл біз емес». Бірақ, өз жерінде, өз елінде ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМІНДІ жөнге салар құндылықтарың санаулы-ақ болса сол азап. Өзін ұлт сезінген халық еш уақытта космополиттік, нигилистік әртүрлі, сан салалы ағымдар мен идея, идеологияларға бой алдырмайды. Мұндайда жаныңды қинайтыны, жеке тұлға еврейдің пікіріне қосылмай, ұлттық ой толғасаң – антисемитсің, орыс туралы жазып, ұлттық болмысыңды жоққа шығарғандарға жауап берсең – ұлтшылсың (қазақтың ұлтшыл бола алмай қор болып жүргенін қайдан білсін), тәуелсіздік терісін жамылған тәуелді басылымдар «время» секілді космополиттік – «көгіс» газеттердің бетіне қарасаң «жылап» қоя береді де, әлемдік, жергілікті жанашырларына жар салып шыға келеді. Қойшы әйтеуір, Қазақстанда қазақ болып туып, қазақ болып өмір сүргеннен азабы жоқ. Ал, оларға қалмақты жеңген қазақ емес қытай, қазақ жеке мемлекет бола алмайды деген секілді небір нәрселерді жазып, айтуға болады. сондай алыпқашпа пікірлерді Грузия, Армения, Әзербайжан, прибалтикада, ең арысы Украинада айтып көрсінші, оның арты не болатынын бір Құдайдың өзі біледі. Бізде болса, «ит үреді, керуен көшедіні» малданып, әйтеуір үндемей қалу. Тіпті, болмаса «бәледен машайық қашыпты» деп құтыламыз. намыс өлген, оны өлтірген сол ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ дағдарысы.

Қазіргі қазақ жағдайында Ұлттық идея Қазақстанның мемлекеттік концепциясына негіз болып, Ұлт пен Үкімет, айта берді, Мемлекет арасында алшақтық емес, тұтастық болмай ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМДІ қайта қалыптастыру мүмкін емес. Ұлт мүддесіне қайшы кез келген іс-әрекет пен Сөз заң тұрғысынан да, азаматтық тұрғыдан да тыйым салынуы керек. Үкімет құрамында ұлтқа тән сұрақтарға жауап бере алатын ұлттық элита өкілдері басым болуы тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық дағдарыс. Ол қайда да, қай кезеңде де түр-түсі, мән-мағынасы, порым-пошымы, түп-тұяғы, төркін-төрі біркелкі, құлатар ор, шығарар биігі бір-біріне ұқсас құбылыс. Онда тіл, діл, дін, рух, айта берді, ұлт деген ұғым, түйсік-түсінік болмайды. Сондықтан, оның ілгері-кейінді, төменді-биікті, құлдырау мен шарықтау сияқты аумалы-төкпелі кез-кезеңі қандай ел, қандай қоғамда да болады. Бола береді де. Яғни, ол өтпелі екен. Бұған қарап халықтың, оның ішінде ұлттың Рухы өліп, ар-ожданы азса, онда ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМІМІЗГЕ сын.

Ал, идея, идеология, олардың мақсат-мүдде дағдарысы ше? Міне, қасірет-қайғы, сор-сора осында. Оған жол бермейтін сол, сан қайталаған ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ. Майлықожа ақын айтқандай, «әкеден сор боп тумасақ», ұлт ретінде жойылып кеткіміз келмесе басы ПРЕЗИДЕНТТЕН бастап, көзі ашық, көкірегі күмбірлеп тұрған әрбір қазақ сан айтылып, сан жазылып жатқан әлеуметтік-экономикалық қиындықты індетіп, қаузап бермей ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМ үшін де күресейік. Ол мынау жарық дүниеден ұлт ретінде жойылып кетпеуге негіз болатын бірден-бір қозғаушы күш. Қазақ өзінің қазақ екенін сәби түйсік-сезіммен емес, ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІММЕН түсініп, білгенде ғана алғы ғасырларға ел болып кіре аламыз. Ол үшін қалың қазақ әлдебір, әлдеқандай үмітіңнен күдер үздің бе, енді ел болып, бір-біріңе қол ұшын бере отырып, ұлттық тұтастық танытып қозғал, еңбектен. Ұлттық рухың мықты, сана-сезімің таза болсын!

«Қазақ әдебиеті».

29 қазан, 1999 жыл